

С.Б. Бектемірова, Р. Ауесхан

**ТҮРКІТАНУ:
ҚЫСҚАША ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ ЛҰҒАТ**

С.Б. Бектемірова, Р. Ауесхан

**ТҮРКІТАНУ:
ҚЫСҚАША ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ ЛУҒАТ**

АЛМАТЫ 2016

«Қазақ университеті»

ББК

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған.

Пікір беруші:

филология ғылымдарының докторы, профессор М.С. Атабаева
филология ғылымдарының докторы Р. Авакова
филология ғылымдарының кандидаты А. Таусоғарова

Түркітану: қысқаша энциклопедиялық лұғат. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 250 б.

ISBN

Энциклопедиялық лұғатта түркітану ғылымының базалық мәселелері, түркітану ғылымында қолданылатын атаулар мен ұғымдардың түсініктемесі, мән-мағынасы, сипаты, отандық/шетелдік түркітанушы ғалымдар жайлы қысқаша мәліметтер және т.б. беріледі. Энциклопедиялық лұғат соңында түркітану ғылымы бойынша жарық көрген әдебиеттер мен сөздіктердің көрсеткіші беріледі.

Энциклопедиялық лұғат ғылыми жұртшылыққа, филологтарға, жалпы жоғары оқу орындарында білім алатын барша студенттерге, магистранттарға, PhD докторанттар мен ізденуші ғалымдарға және т.б. арналады.

ISBN

ББК
Г С.Б. Бектемірова, Р. А уесхан 2016
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі таңда дүниежүзі ғалымдары түркітану ғылымын әлем кеңістігінде зерттеуге зер салуда. Түркітану түркі тілінде сөйлейтін халықтардың тілін, мәдениетін, этнографиясын, тарихын, фольклорын зерттеу нәтижесінде қалыптасқан шығыстану ғылымының жеке саласы. Түркітану атауы ғылымға алғаш рет Орхон-Енисей, көне ұйғыр, манихей т.б. жазба ескерткіштерінің зерттелуіне байланысты еніп, дами бастады. Бұл жазбалар Орта Азия мен өзге де аймақтарды мекен еткен ежелгі түркі тайпаларының тарихын, тілін, әдеби ескерткіштерін, рухани және материалдық мәдениетін зерттеуде аса бағалы деректеме болды. Бұдан кейін түркітану орта ғасырдағы араб, парсы, түркі тілінде жазылған тарихи жылнамаларды, филологиялық және географиялық шығармаларды зерттеу негізінде дами түсті. Түркітанудың филологиялық пән ретінде дамуына ХІХ-ХХ ғасырларда жарияланған әдеби трактаттар мен филологиялық шығармалардың әрі зерттеулердің зор әсері болды. Бұлардың қатарына түркі тайпалары туралы лингвистикалық, тарихи-этнографиялық, фольклорлық деректерді белгілі жүйеге келтіріп жазған алғашқы ғылыми еңбектер – Махмұд Қашқаридың *Диуани лұғат-ит түрк* атты сөздігі, Жүсіп Баласағұнидің *Құтадғу білік* атты әдеби дидактикалық шығармалары, ортағасырдағы түркі халықтарының тарихынан, шығу тегінен мәліметтер берген Мұхаммед Хайдар Дулатидың *Тарихи Рашиди*, Қадырғали Жалайыридің *Жылнамалар жинағы*, Рашид-ад-Диннің *Жами ат-тауарих* т.б. шығармалары жатады. Мұның бәрі түркітанудың қалыптасуына, орнығуына жағдай туғызған еді. Түркітанудың ілгері дамуы түркі тілдеріндегі жаңа жазба әдеби деректердің табылуына, жекелеген түркі халықтарының мәдени-экономикалық үдерісін, олардың тіл ерекшелігін зерттеуге байланысты болды. Белгілі ғалым Ә.Т. Қайдардың: «Түркітану – жержүзілік ғылым. Ол бұдан үш ғасырдай бұрын дүниеге келіп, шығыстанудың бір тармағы ретінде дамып, бүгінде жержүзіндегі ірі мемлекеттердің баршасында қалыптасқан инсандық (гуманитарлық) ғылым саласының біріне жатады. Бұл ғылым әлемдегі 150 миллионнан астам үлкенді-кішілі 30-ға жуық түркі халықтарының тілін, ауыз әдебиетін, этнографиясы мен этнологиясын кең шеңберде зерттеп-зерделеу мақсатында дүниеге келген, сол халықтарды жан-жақты танып-білу арқылы адамзат руханиятына зор үлес қосып келе жатқан әрі көне, әрі өсімтал, өміршең ғылымдардың үлкен саласы» – деп бекер айтпаса керек. Осыған байланысты дүниежүзіне таралған түркі халықтарының рухани әрі мәдени құндылықтарын жан-жақты зерттеу, мән-мағынасын ашу, танып-білу түркітану ғылымының өзектілігін танытады.

Түркі әлемі адамзат өркениетінің алтын бесігі. Еуразия құрлығын ен жайлаған түркі әлемі өзінің бай мәдениетімен, терең тарихымен мақтана алады. Түбі бір түркі халықтарын этногенез, тіл, тарих, әдебиет, рухани және материалдық мәдениет, әдет-ғұрыптар, салт-сана ортақтығы біріктіреді. Бір қуанарлығы ұлы даладағы материалдық, мәдени-рухани, антропологиялық сабақтастық өз жалғасын тауып келеді. Тіпті бір мемлекет ішінде тұтастығы

мен жүйелілік негізін сақтап, өзінің тілін, салт-санасын, болмысын ұмытпай, үзбей сақтап келе жатқан түркі тілдес халықтар қаншама.

XXI ғасырда әлем кеңістігіндегі түркі халықтарының таралымы мен орналасуына байланысты ғылыми тұжырымдар мен пікірлер соңғы уақыттарда көптеп қарастырылуда. XXI ғасыр басындағы түркі тілдес халықтардың әлемдік таралымын, қазіргі түркі тілдерінде сөйлейтін этностардың статистикалық көрсеткішін, дүниежүзіндегі түркі халықтарының санын, қазіргі түркі халықтарының генеалогиялық топтастырылуын, қазіргі түркі халықтарының таралу және тіркелу ареалын, қазіргі түркі ұлттық автономияларын нақты көрсететін еңбектер мен электронды ресурстар кеңінен таралуда.

Жалпы түркі халықтарына ортақ сөздік ретінде С. Аманжоловтың «Диалектологиялық сөздігі», Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий», «Древнетюркский словарь», «Қысқаша этимологиялық сөздік», В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий», Е.Н. Шипованың «Словарь тюркизмов в русском языке», М. Фасмердің «Этимологиялық сөздігі», К.К. Юдахиннің «Киргизско-русский словарь» сияқты қос тілді аударма және фразеологиялық сөздіктер түрлерімен қатар бірнеше лексикографиялық еңбектермен бірге қазақ тілінің зерттелу тарихи дәуірін А. Алекторовтың «Киргизская хрестоматия», И.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия», В.В. Катаринскийдің «Практические уроки русского языка для киргизов» және «Первоначальный учебник русского языка для киргизов», В.В. Катаринскийдің құрастырған «Краткий русско-киргизский словарь», П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка», Н.Н. Пантусовтың «Материалы к изучению казак-киргизского наречия» және т.б. еңбектерімен қатар ірілі-ұсақты сөздіктер мен сөздікшелер, анықтағыштарды ғана ауызға алғанымыз болмаса, жалпы түркітану ғылымы бойынша осы уақытқа дейін теориялық әрі терминологиялық негізде жазылған сөздіктің болмауы. Кез келген халықтың тілінен, мәдениетінен, әдебиетінен, этнографиясынан, тарихынан мол хабар беретін, халқымыздың атам заманнан етене бірге жасасып, бірге өмір сүріп келе жатқан тіліндегі сөз байлығын тізіп, халықтың айнасы болып саналатын – лұғаттар. Лексикография мәселесі тек қана сөздіктердің тізбесі ретінде ғана танылмайды. Сөздікке енген атаулар, ең алдымен, әр кездегі халықтың әдет-ғұрпы мен дүниетанымынан сыр шертетін жәдігер ретінде бағаланады. Энциклопедиялық лұғатта Алтай дәуірінен бастап, қазіргі Ең жаңа түркі дәуіріне дейінгі алты кезеңді қамтитын мол ғылыми теориялық еңбектер мен түркі халықтарына тән бай көне ескерткіштер, мұралар, шежірелер, жәдігерлер, құнды дүниелерден жинақталған материалдар негізінде, түркітану ғылымы үшін құнды мәліметтер жинақталып берілген. Аталмыш лұғат түркітану ғылымының энциклопедиялық ұғымдарын теориялық әрі практикалық тұрғыдан түсіндіре отырып, студенттерге, магистранттарға, PhD докторанттарға және барша ізденушілерге қажетті әрі құнды еңбек ретінде пайдаларына асады деген сенімдеміз.